Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

№41 (1865)
10 желтоқсан 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ
WWW.KAZNU.KZ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығын марапаттау рәсіміне қатысты.**

## «Айбоз» әдеби сыйлығының жеңімпаздары марапатталды




Конкурсқа қатысу үшін барлығы 402 өтінім түсті. Оның ішінде қазылар алқасының таңдауымен 49 шығарма (әр аталым бойынша 7 шығармадан) байқаудың шорт-листіне енді. Өтінімдер 4 ай ішінде 7 аталым бойынша қабылданды: «Үздік проза», «Үздік поэзия», «Үздік драматургия», «Үздік көркем аударма», «Үздік балалар әдебиеті», «Үздік комикс», «Үздік кітап дизайны».

«Алаш кезеңінде үздік романға жарияланған бәйгенің арқасында төл мұраларымыз «Қамар сұлу», «Қалың мал» сияқты іргелі классикалық шығармалармен толықты. Бұл өркениетке, руханиятқа жасалған қызметтің өшпейтінін дәлелдесе керек. Біздің де осы «Айбоз» сыйлығын жариялағандағы басты мақсатымыз жаңа қазақ әдебиетіне сүйекті де сүбелі шығармалардың көптеп қосылуына ықпал ету болатын. Биылдан бастап «Жаңа қазақ әдебиеті» сериясымен отандық авторлардың бұрынсоңды жарық көрмеген жаңа кітаптарын шығаруды бастадық. Әдеби ұлттық сыйлыққа ие болған барша қаламгерді шын жүректен құттықтаймын!» – деді Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев.

Министр қолданыстағы заңнамаға кітап шығаруға қатысты өзгерістер енгізілгенін де атап өтті.

# Ұлттық ән өнерін байытқан ақын

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, І дәрежелі «Барыс» және «Парасат» ордендерінің иегері, зерттеуші-ғалым, Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, ақын Шөмішбай Сариевтің өмірі мен шығармашылығына арналған «Ғибратты ғұмыр» атты сериялық кітабының салтанатты тұсаукесер рәсімі өтті.**



Кітапта ақынның ғылыми зерттеулері, халыққа танымал ән мәтіндері, өлеңдері топтастырылған. Сонымен қатар әріптес, қаламдастары мен отбасы мүшелерімен түскен фотосуреттері берілген.

Салтанатты шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, зиялы қауым өкілдері, Шөмішбай Сариевтің жары Жұмагүл Сариева мен ұлы, Қазақстан Республикасы Президенті Кеңсесінің бастығы Бақытжан Шөмішбайұлы, қазақ эстрадасының жұлдыздары, ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Жиынды білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, Шөмішбай Нағашыбайұлының өмір жолына тоқталды.

«Қазақ поэзиясында, әдебиеттану ғылымында ерекше қолтаңба қалдырған Шөмішбай Сариев – біздің университетіміздің түлегі. 1966 жылы ҚазМУ-дың журналистика факультетіне оқуға түсіп, 1971 жылы бітірген. «Қазақстан» баспасында редактор, «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер болды. Шөмішбай Сариев ғалым ретінде 50-ші, 60-шы, 70-жылдардағы қазақ ақындарының шығармашылығын талдады. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының жаңа буын өкілдері туралы да зерттеулер жүргізді.

*Жалғасы 2-бетте*



Джо Гю ЮН:

**Вы станете самыми лучшими в мире**

3-бет



Томонобу САКУРАЙ:

**ҚазҰУ-дың озық оқу ордасы екеніне тағы көзім жетті**

4-бет



**Химия – наука, развивающая экономику страны**

6-бет

# Сыбайлас жемқорлықпен күресудің жаңа бағыттары белгіленді

**БҰҰ директивасына сәйкес, 9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне және заң ғылымының докторы, профессор Гүлнар Рахымжанқызы Усеинованы еске алуға арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.**





Конференцияның алдында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің төрағасы Асхат Оразханды қабылдады.

Іс-шараға жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деканы Сәбит Суатай, Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.д., профессор Рима Жансараева, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің төрағасы Асхат Оразхан, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің превенция басқармасының басшысы Қанат Сәлімбаев, Алматы қаласы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті штабы басшысының орынбасары Нұрлан Түзелбаев, Қырғызстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаттары және Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің мүшелері қатысты.

*Жалғасы 2-бетте*

№41 (1865), 10 ЖЕЛТОҚСАН 2022 ЖЫЛ ● АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ
QAZAQ UNIVERSITETI







# Ұлттық ән өнерін байытқан ақын

*Соңы. Басы 1-бетте*

Шәмішбай Сариевті әдеби орта «қазақтың Пушкині» деп атағанын білеміз. Өлеңдері әнге айналып, тыңдарман қауымның жүрегіне жетті. Көзі тірісінде 300-ден аса әнге мәтін жазып, ұлттық ән өнерін байытты», – деді Жансейіт Түймебаев.

Қазақстан жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары, ақын Бауыржан Жақып өз сөзінде: «Шәмішбай Сариев – XX-XXI ғасырлардағы қазақ поэзиясын жоғары көтерген тұлғалардың бірі. Болмысы бөлек болатын. Ақынның қаламынан туған өлеңдері мен әндері халық жадында мәңгі сақталады. Сондықтан да Шәмішбай Нағашыбайұлының есімі қазақ әдебиетінде алтын әріппен жазылып қалды», – деп, ақын шығармашылығының өміршеңдігіне тоқталды.

Өз кезегінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ардагер диктор Сауық Жақанова Шәмішбай Сариевтің өлеңдерін мәнерлеп оқып, жиналғандарды бір серпілтіп тастады. Сонымен қатар М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері Гүлжахан Орда, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Естай Әлікеев сөз сөйлеп, естеліктерімен бөлісті.

Жиын барысында әнші Медеу Арынбаев Ш.Сариевтің өлеңіне жазылған «Атамекен», «Дәурен-ай» әндерін және жас әнші Ермек Берекет ел арасында танымал болып кеткен «Қарағым-ай» әнін орындады.

Кездесу соңында ақынның жары Жұмагүл Сариева кешті ұйымдастырғаны үшін ҚазҰУ басшылығына ризашылығын білдірді. Өз сөзінде ол бүгінгі «Ғибратты ғұмыр» сериясы арқылы басылып шыққан кітаптың орны бөлек екенін жеткізді.

«Шәмішбай Сариевтің 30-дан астам кітабы жарыққа шықты. Бүгін тұсаукесері өткен кітап мен үшін ыстық. Ол осы Қазақ ұлттық университетін бітіріп, мықты оқытушылардан сабақ алды. Өмірінің соңына дейін ҚазҰУ-да өткен студенттік кездерін сағынышпен еске алып, есінен еш уақытта шығарған емес. Шәмішбай бір елі аузынан тастамай айтып отыратын білім ордасы бүгін үлкен кеш өткізіп, ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған кітапты жарыққа шығарып отыр. Игі бастамаға әулетімнің атынан ризашылығымды білдіремін», – деді Жұмагүл Қаженқызы.

Шара аясында Шәмішбай Нағашыбайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

# Архивті цифрландыру – маңызды мәселе

**ҚазҰУ-дың Әл-Фараби кітапханасында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен ҚР Орталық мемлекеттік архиві арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған «Архив сыйы: ҚР ОМА кітаптары – Әл-Фараби университетінде» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті.**



Басқосуға ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Архив істері және құжаттаманы басқару комитетінің төрағасы Қуат Бораш, Архив істері және құжаттаманы басқару комитетінің «Орталық мемлекеттік архив» РММ директоры, тарих ғылымының кандидаты Сәбит Шілдебай, ҚазҰУ-дың Әл-Фараби кітапханасының директоры Ақбөпе Бердіқызы және тарих факультетінің деканы, тарих ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор Досбол Байғонақов қатысты.

Жиында сөз алған Қуат Қаһарманұлы: «Мен қара шаңырақ – ҚазҰУ-дың түлегімін. Университет елімізге кәсіби архив мамандарын даярлап отырған бірден-бір жоғары оқу орны. Сондықтан осынау басқосуға арнайы келдім. Қазір өскелең ұрпақты отаншыл рухта тәрбиелеп, мемлекеттік сана қалыптастыруда үлкен жұмыстар жүргізіліп жатқанын білесіздер. Осы орайда, жастар, «Архив» мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттер, сіздер бізге қамқор, қорғансыздар. Өйткені архив саласында 4-ақ пайыз кәсіби архившылар жұмыс істейді, қалғаны өзге сала мамандары. Демек, архивші мамандығы сұранысқа ие, өте қажет мамандық», – деді. Одан әрі өз сөзінде комитет төрағасы: «Елімізде 215 архив жұмыс істейді. Оның барлығы кеңес дәуірінде салынған. Қазір архив ісін цифрландыру, электронды архивті дамыту мәселесі тұр», – деді.

«Орталық мемлекеттік архив» РММ директоры Сәбит Шілдебай: «Біз бүгін Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне тарту ретінде «Архив – 2025», «Мәдени мұра» және т.б. бағдарлама, жобалар аясында жарық көрген өте құнды еңбектерді алып келдік. Өйткені біздің мекеме шығарған кітап, фотоальбомдар архивтік құжатқа негізделген. Осы тұрғыдан алғанда, өте құнды еңбек саналады. Оған мемлекеттік архив мамандары, ҚазҰУ ғалымдары тартылды. Біз сыйға тартқалы тұрған кітаптар ішінде «Қазақстандағы ашаршылық: 1921-1923 жж.», «1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтеріліс», «Эпистолярное наследие Мустафы Шокая 1919-1941гг.», Бауыржан Момышұлы, Асанбай Асқаров, Сейітқали Меңдешов, Хакімжан Наурызбаев және т.б сынды біртуар тұлғалардың жеке тектілік қор құжаттарынан құрастырылған кітаптар бар. Архивтің міндеті – құжатты жинап, сақтау ғана емес, ғылыми айналымға шығару», – деп өз ойын қорытындылады.

Дөңгелек үстел жұмысы барысында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен ҚР Орталық мемлекеттік архиві ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

***Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ***

# Сыбайлас жемқорлықпен күресудің жаңа бағыттары белгіленді



*Соңы. Басы 1-бетте*

Конференцияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы органдар, әділет департаменттері, мемлекеттік қызмет басшыларының баяндамалары тыңдалды. Мәселенің өзектілігі мен маңыздылығына орай, «Аманат» партиясы қалалық филиалы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қоғамдық кеңес мүшелері мен Алматы қалалық мәслихатының депутаттары өз пікірлерін білдірді. Бұл конференция мемлекет пен қоғамның сыбайлас жемқорлықпен күресудегі мақсатын айқындап, осы дерттің алдын алудың жаңа бағыттарын белгіледі.

Конференция барысында қатысушылар ҚазҰУ мұражайымен, Жағдаяттық басқару орталығымен танысты.

**Орынбасар ТІЛЕПБЕРГЕНОВ,**
*заң ғылымының кандидаты,*
*аға оқытушы*

# Ғалым Станислав Ердавлетов атындағы аудитория ашылды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің география және табиғатты пайдалану факультетінде белгілі географ-ғалым, география ғылымының докторы, туризм географиясының қазақстандық ғылыми мектебінің негізін қалаушы Станислав Ердавлетов атындағы аудиторияның салтанатты ашылу рәсімі өтті. Шараға университет басшылығы, оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.**



Заманауи үлгіде жасақталған дәрісхана меценат, Станислав Ердавлетовтың шәкірті Александр Подваловтың демеушілігімен ашылып отыр.

Жиын басында Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Фатима Жақыпова сөз сөйлеп, дәрісхананың ашылуына үлес қосқан демеушілерге ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаевтың атынан ризашылығын білдірді. Сонымен қатар ғалым Станислав Ердавлетовтың жеткен жетістіктеріне тоқталды.

«Станислав Ердавлетов – 320-дан астам ғылыми еңбектің авторы. Қазақстандағы туризм географиясы бойынша алғашқы теориялық еңбектер мен оқулықтарды жазды. Сонымен қатар профессордың бастамасымен 1996 жылы университетіміздің география факультетінде алғаш рет Туризм кафедрасы ашылды. Жаңадан құрылған кафедраны 13 жыл басқарып, жетекшілік етті. Бүгінгі шараның маңыздылығы жоғары. Себебі география саласында аянбай еңбек еткен ғалымның атымен дәрісхана ашылып отыр. Соңғы екі жылда білім ордамызда 20-ға жуық заманауи үлгідегі аудиториялар ашылды. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады», – деді Фатима Надырқызы.

Аудитория заманауи және еркін форматта жасақталған. Білім алушы жастардың емін-еркін сабақ оқуларына жағдай жасалған. Дәрісхананың іші жарық, аумағы кең.

Сондай-ақ шара барысында Күмбел тауының шыңына (3230 м) шыққан ҚазҰУ-дың студентіне арнайы марапаттар табысталды.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

Qazaq universiteti №41 (1865), 10 ЖЕЛТОҚСАН 2022 ЖЫЛ ● АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

**В КазНУ имени Аль-Фараби выступил профессор – директор Международного института интеллектуального развития Джо Гю Юн с лидерской лекцией на тему «Здоровое мышление для счастливой жизни». Почетного гостя из Южной Кореи, уважаемого лектора – главу комитета по образованию IMEI, профессора Джо Гю Юн представила аудиторию член Правления – проректор по академическим вопросам КазНУ имени Аль-Фараби Фатима Жакыпова. Она отметила, что состоялась встреча делегации с Председателем Правления – Ректором КазНУ имени Аль-Фараби Жансеитом Туймебаевым, на которой обсуждались основные направления сотрудничества, были презентованы достижения данного института. Профессор Джо Гю Юн известный ученый, разработчик программ местного самоуправления в Республике Корея.**



**Джо Гю ЮН,**

директор Международного института интеллектуального развития:

# Вы станете самыми лучшими в мире

В лидерской и по содержанию, и по духу лекции профессор Джо Гю Юн на примере своей страны Южной Кореи, совершившей поразительный скачок из бедной и разрушенной войной страны в лидеры Центрально-Азиатского региона, рассказал о той системе мышления и образа жизни, которая помогла совершить это чудо. В ее основе лежат принципы: реального лидерства, способности противостоять вызовам, второй индустриализации, роста экспорта и главное – возрождения сознания и духа народа. Профессор Джо Юн начал лидерскую лекцию с истории своей страны.

– Давным-давно, на протяжении 36 лет Корея входила в состав Японии. Японские оккупанты были очень жестокими, они забирали все, что мы имели. Наших молодых людей забирали на фронт воевать на стороне Японии, а наших девочек отдавали их солдатам на развлечение. Они даже попытались ликвидировать корейский язык. Поэтому у наших родителей у всех есть японские имена. Каждый день мы должны были поклоняться перед японским императором. Мы долго сопротивлялись, многие люди пролили кровь, мы не смогли их преодолеть. Но 15 августа 1945 года Корея наконец-то стала независимой. Очень сильно обрадовались, к сожалению радость была не долгой. В 1950 году из за различия идеологии в стране началась гражданская война и корейцы должны были воевать против друг-друга. Война длилась ровно 3 года и она забрала все то, что мы приобрели за годы независимости. Западные эксперты тогда говорили, что у этой страны нет возможности на восстановления и нет надежды. По статистике ООН Корея тогда входила в тройку беднейших стран. У нас нет полезных ископаемых. Такая бедная страна победила бедность и сумела стать развитой страной. Наши молодые люди были патриотами, многие тогда уежали в Германию, работали в шахтах на глубину тысячи метров, многие девушки уезжали туда медсестрами и обрабатывали раненных. То, что они там работали это стал катализатором, и мы могли получить государственный кредит.

В итоге войны, можно сказать, вся территория Кореи разрушилась. Корея расположена на полуострове, с трех сторон окружена морем. Для сравнение скажу, территория Казахстана в 26 раз больше чем территория Кореи. У вас территория обширная и очень много полезных ископаемых. В Казахстане большой потенциал, поэтому Казахстан ждет светлое будущее. В то время в Корее годовой доход на душу население составлял 79 американских долларов. Но Корея победила бедность. Она мечтала стать развитой страной и мы этого добились. Сейчас среднегодовой доход население составляет 34 тыс долларов США. Корея стала сильной IT страной, самый скоростной интернет в Корее. Внешний торговой оборот страны 1 трлн долларов, 10-ое место по размеру ВВП и 6-ое место по экспорту в мире.

Самое главное, без чего невозможен прорыв и процветание – это возрождение сознания и духа народа, – подчеркнул спикер. – Каким же образом Корея стала развитой страной, как страна выбралась из бедности? Это стала возможно благодаря изменение мышления. Вы все знаете детского писателя Андерсена из Дании. Он родился некрасивым, в бедной семье. Был слишком некрасивым, что друзья издевались над ним. Из за этого он всегда считал себя несчастливым человеком. Однажды он поменял свои взгляды на окружающее. «Нет, я не хочу быть несчастным, наоборот, я одаренный человек», сказал он себе. И изменил свой подход к жизни, в последствий стал известным писателем, написал всемирный шедевр «Гадкий утенок». Если трудности до конца останутся трудностями, если ее не перебороть то естественно будет тяжело жить. А возможно, что трудности нам принесут лучшее будущее? Вот так кореецы начали мыслить по новому.

В Корее нет природных ресурсов, поэтому мы начали покупать сырье из разных стран, его перерабатывали и продавали миру готовый товар. К примеру, в Корее кофе не растет, а Эфиопия лидер по производству кофейных зерен. И мы купили в Эфиопии кофейное зерно, переработали и начали продавать. В итоге Корея заняла третье место в мире по экспорту кофейной продукции. И еще, в Кореи нет ни капли нефти, но Корея первое место занимает по экспорту нефтяной продукции. До того, как мы стали экономически развитой страной у нас было несколько условие для нашего успеха. Первое условие – это лидерство. Хочу отметить, что 1988 году были олимпийские игры впервые проведены в Сеуле. Тогда у нас был такой девиз «Весь мир в Сеул, а Сеул в мир». Весь мир приехал в Корею. В то время сами кореецы никуда не могли выезжать. Потому что, никто не мог получить загранпаспорт, его корейские граждана начали получать только в 1989 году. Теперь предприниматели для сотрудничества могли выезжать в заграницу, бизнесмены свободно путешествовали по миру и привлекали инвесторов. Таким образом мы смогли быстро достичь экономического роста. В 1970 годы впервые начали строить автомагистрали. Сначало построили скоростную дорогу из Пуссана в Сеул, растояние 520 км. Сейчас таких дорог в стране более 50-и, они похоже на паутину. Такие изменения невозможно было бы, если не возрождение в сознание народа.

Кореецы всегда бросают вызыв. Поначалу Корея была аграрной страной, потом стала индустриальной. Западные страны были против такому раскладу, потому что до сих пор не одна аграрная страна не смогла стать промышленной. Мы бросили ко второй индустриализации и добились успеха. Такое было впервые в мире. Машиностроение, судостроение, тяжелая промышленность и в других отраслях Корея поднялась как полноценная страна. Третье условие – благодаря экспорту. Без этого условие мы не можем говорить о развития. Четвертое условие – это возрождение сознания и духа народа. Для того, чтобы развивающая страна стала развитой нужна возродить сознания, без этого не представляется возможным. Это происходить благодаря не одному лидеру. Ваш университет самый лучший вуз во всей Центральной Азии, в мировом рейтинге 150 место занимает. Но вы же не можете оставаться на этом месте, правда? Теперь ваш университет в мировом рейтинге должен войти в сотку. Это будет возможным только после возрождения вашего сознания. Это движение мы называли «народным», мы начали говорить «давайте жить лучше». Наши родители хотя сами сильно голодовали, но очень хотели, чтобы бедность не перешла в следующее поколение. Они изо всех сил трудились. И так они победили бедность.

Корея единственная разделенная страна в мире, для того, чтобы корейцы пали духом внешние силы поменяли образ нашей карты. Наш народ решил, что мы не должны себя чувствовать побежденными. Для того, чтобы освободиться от такого мышления мы решили изменить наш политический имидж. Теперь мы были не «зайцами», а стали «тиграми», забыли о том, что побежденная нация. Начали движение по возрождению сознания в мальенких корейских деревнях. Это движение состоит из трех принципов: первый – трудолюбие, второй – самообеспечение, третьи – сотрудничество. Жители деревни сплотились и начали успешно работать. На фоне этого движение произошло возрождение сознания корейского народа. Итак шаг за шагом мы начали поднимать экономику, и в итоге Корея стала развитой страной.

Но экономический рост не мог победить внутреннюю проблему человека. Наоборот, многие люди из за обилия и комфортной жизни начали деградироваться. Итак пришли к выводу, что мы не можем себя обеспечить светлого будущего без вызова. Если вы сталкнетесь с проблемами и победите их, то вы переступите через время. У вас образуется сильная душа и она вам дает бросать вызов. Благодаря этим вызовам корейцы создали автомобильный двигатель. Мы собрали свою машину со своим двигателем. Мы и здесь добились успеха. Сейчас даже знаменитая фирма «Мерседес-бенц» покупает корейские двигатели. Мы даем гарантию на свои автомашины на 10 лет или на 100 тысяч миль. За это время появится проблемы фирма устраивает наполадки. Тогда наши конкуренты говорили, что такая гарантия, это провальный шаг. Через сервисные центры автозавод определил какие запчасти быстрее изношивается и доработали эти расходники. Я на своей машине езжу 8 лет и проблем никаких нет. Сейчас на заводах Кореи одну машину собирают за 13 секунд. Таким образом страна добилась успеха не только в этой сфере. Корейская земля холмистая, поэтому где горы прорубили тоннели, а где реки построили мосты. Сейчас в Корее 37 тысяч мостов, а тоннели 27 тысяч. 123 этажное самое высокое здание в мире тоже у нас. Корея маленькая страна, но она для обороны имеет отечественную ракету и свои истребители. По военной мощности Корея занимает 4-ое место в мире.

Красноречивым подтверждением сказанных слов профессора Джо Гю Юн послужил видеофильм об экономическом чуде на реке Ханган.

– Как Корея добилась экономического бума? Все благодаря человеческого ресурса, потому что в наших недрах нет полезных ископаемых. Вы молодежь – будущее вашей страны. Вы будете самыми человеческими ресурсами Казахстана. У вас у каждого есть большой потенциал. Но пока не произойдет изменение в вашем мышлении вы ничего не добьетесь, то, что вы оканчиваете лучший вуз это не означает, что можете стать самыми лучшими. Я уверен, что вы в раскроете свои крылья и сделаете этот мир красивым. И вам в этом помогут ваши профессорско-преподавательский состав. Вы уже лучшие в Центральной Азии, теперь стремитесь стать самыми лучшими в мире. С этой мечтой двигайтесь вперед, и вы станете самыми лучшими в мире, – подытожил спикер свою лекцию с наилучшими пожеланиями.

В завершение лекции слушатели охотно задавали вопросы лектору, получая остроумные и глубокие ответы. Лидерская лекция завершилось памятной фотосессией.



**Каиржан ТУРЕЖАНОВ**

## Томонобу САКУРАЙ:

# ҚазҰУ-дың озық оқу ордасы екеніне тағы көзім жетті

**Әлемде ғылым мен жоғары технология бойынша Күншығыс елі өзгелерден әлдеқайда алда тұрғаны белгілі. Жапон халқы білімі мен заманауи технологияларын мұқым жұртпен бөлісіп келеді. Кейіпкеріміз Томонобу Сакурай – Йокогама Тойн университетінің профессоры, PhD докторы. 1966 жылы 4 ақпанда Жапонияның Канагава өлкесінде дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Дене шынықтыру және спорт кафедрасына шақырылған профессор.**







Ғалым мансаптық жолын Йокогама ұлттық университетінен бастап, білім беру факультеті, білім беру саласындағы бакалавр дәрежесін алады. Ал болашақ ғалымға 1990 жылы Жаттығу және спорт ғылымдары зертханасы, Йокогама ұлттық университетінің білім беру факультеті, «Жаттығу қарқындылығына зәр лактатының әсері» тақырыбындағы диссертация үшін физиология бойынша магистр дәрежесі беріледі. 2012 жылы Токио ауыл шаруашылығы университетінің Экологиялық симбиотикалық ғылым департаментінің жоғары мектебі, «Қаңқа бұлшықетіндегі эксцентрлік бұлшықет жиырылуынан кейінгі бұлшықет регенерациясындағы азот оксидінің рөлі» атты диссертациясы үшін жаттығулар физиологиясы бойынша PhD дәрежесін алады.

2022 жылдың 13 қазанында Дене шынықтыру және спорт кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы жас ғалымдар және студенттер арасында Литвадан келген шетелдік ғалым Казис Милашиуспен бірге, профессор Томонобу Сакураймен онлайн кездесу өткізген-ді. Кафедраның оқу үдерісіне магистранттар мен докторанттарға дәріс оқып, семинарлар жүргізді. Сондай-ақ әріптестік байланыстарды дамыту және шет мемлекеттердің озық технологиялары мен инновациялық әдістерін меңгеру үшін аталмыш профессорлар тартылуда. Кездесу барысында Дене шынықтыру және спорт кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к. Ә.Ысқақова шетелдік ғалымдармен ғылыми семинарлар, халықаралық конференциялар ұйымдастыру және өткізу, бірлескен мақалалар мен оқу құралдарын шығару, ғылыми тағылымдамадан өту және ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қою бойынша халықаралық ынтымақтастықты одан әрі жалғастыруды ұсынған болатын. Аталмыш кездесудің жемісі ретінде 23 қараша мен 1 желтоқсан аралығында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Дене шынықтыру және спорт кафедрасы Томонобу Сакурайдың «Дене шынықтыру және спорт ғылымын қаңқа бұлшықеттері тұрғысынан оқыту» бағдарламасы (72 сағаттық көлем) бойынша біліктілікті арттыру курстарын өткізді.

Семинар барысында еліміздегі дене шынықтыру ұстаздары мен спорт саласы мамандарының біліктілігін арттыру бағытында маңызды істер талқыланды. Мақсаты – еліміздегі дене шынықтыру деңгейін көтеру, ҚазҰУ-дың шетелдік профессорлармен ынтымақтастық аясын кеңейту және халықаралық аренада Отанымыздың намысын қорғайтын жаңа буын тәрбиелеу. Курстарға мектеп мұғалімдері, жоғары оқу орындарының оқытушылары және спорт мектептерінің жаттықтырушылары қатысты. Курстар дәріс және тәжірибелік шеберлік сабақтары түрінде спорт алаңында бірнеше секциялар бойынша өткізілді. Мысалы, спорт ғылымының негіздері, жүгіру, секіру және лақтыру негіздері, спорт ғылымының тәжірибесі, жаттығулар туралы ғылым, мәліметтерді талдау, болашақтағы спорт ғылымы. Дене шынықтыру және спорт кафедрасының меңгерушісі Әлмира Ысқақова аталмыш іс-шара туралы өз пікірін ортаға салды.

– Жапон ғалымдарының ғылыми көзқарасы бізден көп жағынан ерекшеленетіні алғашқы дәрістерден-ақ аңғарылды. Профессор Томонобудың жоғары кәсібилігі мен ғылыми идеяларға деген құлшынысы бүкіл ұжымның бірлескен зерттеу-жобаларға деген қызығушылығын арттырып, серпін бере түсті. Осы үдеден шығу үшін алдағы уақытта оқу ордасындағы магистранттарға, докторанттарға және профессорлық-оқытушылық құрамға ғылыми тағылымдамадан өту жоспарлануда. Томонобу Сакурай бізді жапон университеттері ұзақ мерзімді өзара тиімді ынтымақтастыққа шақырады деп сендірді. Профессор кәсіби жаттықтырушылар мен спортшыларға барлық прогрессивті әдістер мен өнертабыстарды жаттығу процесіне енгізудің қыр-сырын ашты. Сондай-ақ оқу үдерісінде және спортшыларды халықаралық жарыстарға дайындауда бәсекеге қабілетті болуға ынталандырды, – деді кафедра меңгерушісі.

Томонобу Сакурай ең алғаш зерттеу және кәсіби тәжірибесін Токио Метрополитен университетінің жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебінің Кинезиология кафедрасының ғылыми қызметкері ретінде бастайды. Висконсин-Мэдисон университетінің (АҚШ) кинезиология бөлімінің шақырылған ғалымы. Токио ауыл шаруашылығы университеті Биоиндустрия кафедрасының доценті. Қазіргі уақытта Йокогамадағы Тойн университетінің спорт ғылымдары жоғары мектебінің профессоры ретінде қызметін жалғастыруда.

Ғалымның зерттеу алаңдары: «Жаттығулар физиологиясы», «Жаттығу және денсаулық ғылымдары», «Спорт ғылымдары/жаттығулар физиологиясы/дене шынықтыру», «Жаттығу қаңқа бұлшықеттерінің зақымдануы мен бейімделуі», «Эксцентрлік жаттығулар мен қаңқа бұлшықеттерінің зақымдануын қалпына келтіру» тақырыптарын қамтиды. Бұған дәлел – профессордың әлемнің түкпір-түкпірінде жарияланған ғылыми мақалалары мен зерттеу жұмыстары. Мәселен, «Тері астындағы және висцералды майдың таралуы және күнделікті физикалық белсенділік: жас және орта жастағы әйелдер арасындағы салыстыру» (Британдық спорттық медицина журналы), «Ақ май жасушаларындағы үздіксіз жаттығулардан туындаған липолиздің адаптивті өзгерістерінің негізінде жатқан молекулалық механизм» (Journal of Obesity Vol), «Жаттығудың бір реті негізгі фибробласт өсу факторы (BFGF) арқылы қаңқа бұлшықетінің капиллярлық өсуіне әкеледі» (Патофизиология) т.б.

Томонобу Сакурай ҚазҰУ-да алған әсерімен бөлісіп, университет ұжымына ризашылығын білдірді.

– Азияның жүрегінде орналасқан, спорт саласы ерекше дамып, өркендеген Қазақ елі менің қызығушылығымды оятқаны рас. Бұл менің Қазақстанға келудегі екінші сапарым. Өткен жолы жайдарлы жазда Астанада болсам, бұл жолы қақаған қыста Алматыдамын. Сапарым қыспен тұспа-тұс келсе де, бұл мен үшін өте әсерлі оқиға болды. Семинарға қатысушылардың асқан білімі мен біліктілігіне тәнті болдым. Оқытушылар мен студенттердің ынтасына қарап Қазақ ұлттық университетінің озық оқу ордасы екеніне тағы бір көзім жетті. Дене шынықтыру және спорттағы жаңа технологиялар бойынша тамаша семинар ұйымдастырған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Дене шынықтыру және спорт кафедрасына мың алғыс! – деді жапондық профессор.

**Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ**

**Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауында қазіргі таңдағы өте өзекті мәселелерді қозғады. Соның ішінде экономикалық саясатқа ерекше көңіл бөліп, қоғамдағы қордаланған мәселелерді шешуге ден қойды. Мысалы, шикізатқа әлі де тәуелді екенімізді, еңбек өнімділігінің төмендігі мен инновацияның жеткіліксіздігін қадап айтты. Бұл дегеніміз – әрі-беріден соң, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және цифрландыру мәселесіне келіп тіреледі.**

# Салықтық әкімшілендіру оңтайландырылады



Жалпы экономикалық саясаттың басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру. Негізінен, бұл мақсат үкімет жұмысының, жалпы экономикалық саясаттың басымдығы ретінде Мемлекет басшысы тарапынан үнемі қозғалады. Президент сондай-ақ еліміздің алдағы экономикалық даму барысында жаңа тарифтік саясатқа көшу қажеттігін әрдайым айтып жүреді. Осының бәрі, айналып келгенде, халықтың әлеуетін көтеруге жасалып жатқан игі қадамдар.

Әлеуметтік-экономикалық бастамалар, сөз жоқ, қаржыландыруды талап етеді. Ол үшін мемлекеттік қаржы жүйесі құрылымының сауатты жүргізілуі, жалпы экономиканың қарқынды жұмыс істеуі тиіс. Ортақ қазына – бюджеттің «бүйірін шығаратын» салық жүйесін одан әрі оңтайландыру, жалпы саланы реформалау қажет екені айтылды. Осыған байланысты келесі жылы жаңа Салық кодексі әзірленеді. Қазіргі таңда Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру үшін Ұлттық экономика министрлігі тарапынан салықтық әкімшілендіруді оңтайландыру ұсынылды. Мұнда бизнес субъектілері өздерінің контрагенттерінің адалдығын тексереді, осылайша тиісті сақтықты көрсетеді. Сондай-ақ салықтық әкімшілендіруді оңтайландырумен қатар, нақтылау және редакциялық сипаттағы нормалар қарастырылмақшы. Салық кодексіне жасалатын өзгерістер мемлекеттің қатысуымен барлық экономикалық процестердің жұмыс істеуінің ашықтығына ықпал етеді деп ойлаймын.

Сонымен қатар осы жолдауда елімізде ең төменгі жалақының өсетіні жайлы айтылды. Бұл – 2 миллионға жуық қазақстандықтың табысына әсер етеді деген сөз. Жалақыны көтеру арқылы еңбек өнімділігі артады және халықтың әл-ауқатын күшейтуге болады. Сондай-ақ әлеуметті жетістікке ынталандыру іске асады.

**Айжан ӘСІЛОВА,**
*Қаржы және есеп кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.к.*

QAZAQ UNIVERSITETI №41 (1865), 10 ЖЕЛТОҚСАН 2022 ЖЫЛ ● АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

**Қазақ ұлттық университетінің ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетіне шетелдік азаматтар қандай мақсатпен келеді? Әрине, қазақ немесе орыс тілдерін, кейде екі тілді қатар үйренуге, сонымен бірге Қазақстандағы ЖОО-ға оқуға түсу үшін келеді.**

# Шетелдік тыңдаушылар ҚазҰУ-ды таңдайды



Біздің еліміздегі отандық жоғары оқу орындарына түсу үшін алдымен Қазақстанның мемлекеттік стандартына сәйкес, жалпы білім беру бағдарламасын игеру қажет. Сондықтан шетелдік тыңдаушылар ұлттық рейтингтің көшбасшысы, QS рейтингі бойынша әлемдегі Топ-200 ЖОО-ның қатарында 150-орынды иеленіп отырған ҚазҰУ-дың жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетін таңдайды. Алыс және таяу шетелдерден білім алуға келген тыңдаушылардың басты арманына қол жеткізу үшін факультет оқытушылары қажетті білім беру үдерісін біздің университеттің кез келген факультетіне оқуға түсуге мүмкіндік беретін, тілдік және әлеуметтік жағдайға бейімдейтін, көп ұлттар мекен ететін Қазақстанның мәдениеті, тарихы, салт-санасы, әдеп-ғұрпымен таныстыратын арнайы бағдарламалар аясында жүзеге асырады.

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде «Қазақстан тарихы», «Оқу сауаттылығы», «Математикалық сауаттылық» секілді негізгі міндетті пәндер, сондай-ақ таңдаған болашақ мамандығы бойынша элективті курстармен қатар, жыл сайын тыңдаушылар тарих, география, қазақ тілі мен әдебиеті т.б. мамандықтарға таңдау пәндері бойынша білім алады. Факультет ұстаздары университеттің «Фараби оқулары» дәстүрлі жас ғалымдар мен студенттердің халықаралық ғылыми конференциясына ізденімпаз, білімді тыңдаушыларды қатыстырады. Олардың ғылыми еңбектеріне жетекшілік етеді.

Курстардың академиялығы мен олардың қолжетімділігі ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасындағы білім алушылардың қызығушылығын оятып, сабаққа деген құлшынысын арттырады. Компьютер сыныбында заманауи инновациялық компьютер бағдарламаларымен жұмыс істеуге, лингафон кабинетінде тыңдалым бойынша тіл ұстарту сабағын өткізуге мүмкіндік береді. Ал шағын видеозалда оқу процесіне қатысты көркем және деректі фильмдерді көреді әрі дайындық курсы бойынша жаттығу жұмыстарын ұйымдастырып, білім дағдыларын бекітеді.

Факультеттегі тоғыз ай оқу кезінде білім алушылар тек бір-бірімен танысып, достасып қана қоймай, әсем табиғатымен, қонақжайлылығымен өзгені өзіне баурап алатын Қазақстан мен университетке әбден бауыр басып қалады.

**Рахила НАРАЛИЕВА,**
**Балғабай ДОСАНОВ,**
*ҚазҰУ-дың аға оқытушылары*

**Тәуелсіздігіміздің арқасында маңызды қадам жасап, дербес жолмен ырғақты дамып келеміз. Осы бір қиын жолда бірталай жетістікке жетіп, жастарымыз шетелде білім алуға зор мүмкіндік туды. Соның бір дәлелі – халықаралық «Болашақ» бағдарламасы.**

# Жетістігімізбен мақтана аламыз

Бұл бағдарлама арқылы қаншама дарынды жастарымыз әлемге әйгілі шетел университеттерінде білім алып, қызметкерлер тағылымдамадан өтіп, қазіргі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп келеді. Оның ішінде біздің Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлектері мен қызметкерлері де бар.

